# «Туған жерім - тұғырым»



**«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы**

**«Гүлдер-ай» ересек тобы**

**Тәрбиешілер: Баукенова З.А.**

**Дүйсенбай Ж.С.**

# «Туған жерім-тұғырым»

***Зерттеу өзектілігі:*** *Балаларға Алға қаласы туралы мағлұматтар беру. Қала бойлап экскурсияға шығу.*

***Зерттеудің мақсаты***: *«Алға қаласы» тақырыбы бойынша білімдері мен түсініктерін кеңейту. Балаларға патриоттық тәрбие беру, туған қаласына сүйіспеншілігін арттыру, тарихына, көркемділікті сезінуге тәрбиелеу, әсемдігіне көңіл аударту. Сөздік қорын байыту,бір-бірімен ауызша қарым-қатынас жасау, диолог құру дағдыларын қалыптастыру, түрлі әрекеттер арқылы әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу, шығармашылық қиялдарын дамыту.*

***Зерттеу міндеттері:*** *Балалардың шығармашылықпен жұмыс жасауына қолдау көрсету, патриотизмге тәрбиелеу.*

***Зерттеудің болжамы:*** *Егер біз жоба барысында Алға қаласының көрікті жерлерімен, тарихымен таныстыра алсақ, онда балалардың санасына туған жер, Отан, патриотизм ұғымдарын сіңдіре аламыз.*

***Жоба мерзімі:*** *Қысқа мерзімді*

***Жобаға қатысушылар:*** *«Гүлдер-ай» ересек тобы тәрбиеленушілері, ата-аналар, тәрбиешілер*

# Жоспары

| Кезеңдер | Жұмыс мазмұны |
| --- | --- |
| І кезең<br>Ұйымдастыру | Жобаны іске асыруда қажетті материалдар дайындау.<br>Ата-аналарды жобаның мақсат-міндеттерімен таныстыру, қатысуға шақыру. |
| ІІ кезең | Туған жер туралы тақпақтар, мақал мәтелдер, өлеңдер жаттау.<br>- Алға қаласы бойынша саяхат<br>- Сурет көрмесі: «Сүйікті қаламның табиғаты»<br>- Алға қаласы Ізтәй Мәмбетов атындағы балалар кітапханасына саяхат<br>- Алға қаласының көрікті жерлерінің фотосуреттері (альбом)<br>- Алға қаласының Есет батыр көшесі (макет)<br>- «Гүл патшасы-қызғалдақ», «Қызғалдақ стелласы» (кітапша)<br>- Балалардың шығармашылық және зерттеу іс-әрекетін дамыту мақсатында сурет салу, мүсіндеу, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеті |
| ІІІ кезең | - Презентация: «Туған жерім тұғырым»<br>- Ата-аналардың көмегімен шығарған кітапша презентациясы. |

| Уақыты | Жұмыс түрі | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 10.04.23 | Жобаны іске асыруда қажетті материалдар дайындау.<br>Ата-аналарды жобаның мақсат-міндеттерімен таныстыру, қатысуға шақыру. | Тәрбиешілер |
| 11.04.2023 | Алға қаласы бойынша саяхат | Тәрбиешілер, ата-аналар |
| 12.04.2023 | Сурет көрмесі: «Сүйікті қаламның табиғаты» | Тәрбиешілер, ата-аналар |
| 13.04.2023 | Алға қаласы Ізтәй Мәмбетов атындағы балалар кітапханасына саяхат | Тәрбиешілер, ата-аналар |
| 14.04.2023 | Туған жер туралы тақпақтар, өлеңдер жаттау. | Тәрбиешілер |
| 17.04.2023 | Туған жер, Отан туралы мақал мәтелдер | Тәрбиешілер |
| 18.04.2023 | Туған жер тарихымен таныстыру (бейнеролик) | Тәрбиешілер |
| 19.04.2023 | Ата-аналармен бірлесе жасаған Алға қаласының көрікті жерлерінің фотосуреттері (альбом)<br>«Гүл патшасы-қызғалдақ», «Қызғалдақ стелласы» (кітапша) | Тәрбиешілер, ата-аналар |
| 20.04.2023 | Балалардың шығармашылық және зерттеу іс-әрекетін дамыту мақсатында сурет салу, мүсіндеу, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеті | Тәрбиешілер |
| 21.04.2023 | Алға қаласының Есет батыр көшесі (макет) | Тәрбиешілер |
| 05.05.2023 | «Қызғалдақ» кіріктірілген ҰІӘ | Дүйсенбай Ж.С. |

# *Алға қаласына саяхат*








***Міндеті:*** *Туған өлкенің танымал жерлерімен таныстыра отырып,балаларды туған жерін сүюге,құрметтеуге тәрбиелеу.*











***Балалардың шығармашылық және зерттеу іс-әрекетін дамыту мақсатында сурет салу, мүсіндеу, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеті***







## *Сурет көрмесі:*

## *«Сүйікті қаламның табиғаты»*

## *Ата-аналармен бірге*









*Мақсаты: Балалардың жоба бойынша алған түсініктерін бекіту, шығармашылық қабілетін дамыту, табиғатты сүюге тәрбиелеу.*

# Алға қаласы Ізтәй Мәмбетов атындағы балалар кітапханасына саяхат








**Міндеті:Ауылдан шыққан ұлы тұлғалардың есімін ұлықтау, таныстыру**

# *Алға қаласының Есет батыр көшесі (макет)*









Асылай: Отаным менің-Қазақстан,
Ыстық қой сенің топырағын.
Орманын, көлін, бау-бағын,
Қастерлеген қазағым.

Асылбек:Найзаның ұшымен қорғаған,
Халқым менің мықты ғой.
Ата-бабам әрқашан,
Салт-дәстүрін сақтаған.

Жігер: Әрбір қазақ батыры,
Желбіреткен көк туын.
Кең байтақ жерге қазағым,
Егін егіп, мал жайған.

Саян: Күзде піскен егінді,
Жинап алып ас қылған.
Аман болсынел-жұртым,
Тыныш болсын Отаным.

## *Мақал-мәтелдер*

*Ильназ: Туған жердің ауасы да шипа,*
*Саян: Өз елің-алтын бесігің*
*Аймереке: Туған жер-тұғырың*
*Туған ел-қыдырың*
*Альтаир:Туған жердің күні де ыстық,түні де ыстық.*
*Медина: Ел қадірін көрген біледі*
*Жер қадірің жүрген біледі*
*Имран: Туған жердей жер болмас,*
*Туған елдей ел болмас*
*Ансар: Ел болам десең, бесігіңді түзе*
*Айзере: Отансыз адам-*
*Орمансыз бұлбұл*

***Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет***

***Тақырыбы: «Қызғалдақ гүлі» туралы ертегі***

***Міндеттері: Ертегі желісі арқылы балалардың көзқарастарын білдіріп, адамгершілікке тәрбиелеу, сөздік қорларын молайту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ой -өрісін кеңейту, рөлдерді ойнауға ынталандыру. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді тыңдауға, қызығушылықтарын арттыру. Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды, олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сурет салуда әр түрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.***

***(Балалар топқа кіріп шеңберге тұрады)***

***Миға шабуыл әдісі: Қызғалдақ гүлінің пазлын құрастыру.***

***Топқа Айгөлек жылап кіреді.***

***Тәрбиеші: Сәлеметсіңбе, Айгөлек сен неге жылап тұрсың?***

***Айгөлек: Сәлеметсіңдер ме! Менің ғажайып сирек кездесетін қызғалдақ гүлімді қара Құйын ұрлап кетті. Көмектесіңіздерші.***

***Тәрбиеші: Балалар көмектесеміз бе? Сен жылама, қолымыздан келгенше көмектесеміз. Солай ма, балалар? Айгөлек, біз саған көмектесеміз.***

***Айгөлек: Қара құйын маған осы үнтаспаны жіберді. Ол маған қиын тапсырмалар берді.***

* *(Үнтаспаны қосу) (Сенің гүлің менде. Менің тапсырмамды орындасаң ... айтарамын. Ал егер орындай алмасаң, гүліңді бермеймін. Менің бірінші тапсырма ... қаласының гимараттарын ата. Екінші тапсырма-көшеде, жолда жүру белгілерін құрастыр. Үшінші тапсырма- суретте не артық екенін тап)*

*1-тапсырма: Алға қаласындағы гимараттарды атау*

*Мақсаты: Балалардың ойын арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.*

*2-тапсырма: Жолда жүру белгілерін құрастыру*

*1 топ- Тыйым салу белгілері*

*2 топ- Рұқсат беру белгілері*

*3 топ-*

*3-тапсырма: Дидактикалық ойын: «Не артық?»*

*Ендеше бойымызды сергітіп алайық.*

*Ойын: «Дәлдеп сал»*

*-Балалар біз онда қара Құйынға әдемі қызғалдақ гүлдерін жасап берейік. Оған ұнайтынына сенімдімін, сол кезде бізге гүлдерді қайтарып береді.*

*4-тапсырма: 1 топ- Жапсыру*

*Шарты: Дәстүрден тыс оригами әдісі бойынша қызғалдақ гүлін жапсыру*

*2 топ- Сурет салу*

*Шарты: дәстүрден тыс қызғалдақ гүлін картоппен бастыру*

*3 топ- мүсіндеу*

*Шарты: Ермексазбен қызғалдақ гүлін мүсіндеу*

*(Гүлді қара Құйынға сыйлау)*

*Қара құйын: Менің гүлдерім көп болды. Енді мен ешкімнің гүлін ұрламаймын.*
*Енді ешкімнің заттарына рұқсатсыз тиіспеймін.*
*Тәрбиеші: Балалар, біз ғажайып қызғалдақ гүлін Айгөйлекке қайтарамыз.*
*Айгөлек: Балалар менің қызғалдақ гүлімді табуға көмектестіңдер, рахмет сендерге маған көмектескендерің үшін. Мен қуаныштымын.*
*Қорытынды: Балалар біз бүгін кімге көмектестік?*
*Бүгінгі ертегіміз ұнады ма,олай болса сау болыңыздар*

# Кітап презентациясы (ата-аналармен жұмыс)
















Мақсаты: ата-аналар мен балабақша арасындағы қарым-қатынасын нығайту, Алғада өсетін қызғалдақтар туралы мағлұмат беріп, балалардың өз Отанына деген мақтаныш сезімін ояту.